

2024 – 2025 оқу жылында өткізілетін әдістемелік кеңес жоспары

Максаты: Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бөбекжай – балабақшаның жылдық мақсаты мен міндеттерін шешуге жағдай жасау.

Тамыз №1 Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысын жоспарлау.		
1.	Нормативтік құқықтық құжаттарды қарау	Меңгеруші Әдіскер
2.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша кеңестер беру	Әдіскер
3.	«Балапан» тобы балаларының балабақшаға бейімделуі	Психолог
Қазан №2 Тақырыбы: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу		
1.	«Ұлттық құндылықтар арқылы жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын бала бойына сіңіру» /есеп/	Тәрбиеші А.Бегманова
2.	«Ертегінің бала тәрбиесіндегі пайдасы» /тәжірибемен бөлісу/	Тәрбиеші Ж.Тілеулиева
3.	«Ұжымдағы қарым - қатынас» /тренинг/	Психолог А.Мақұлбекова
Желтоқсан №3 Тақырыбы: Педагогтардың өз тәжірибесімен бөлісу		
1.	«Зерттеу жұмысының бала өміріндегі алар орны» /есеп/	Тәрбиеші Ұ.Тұрғанова
2.	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» /есеп/	Тәрбиеші С.Шилібекова
3.	«Табиғатта серуендеу тәртібі»	Тәрбиеші А.Әбжаппарова
Сәуір №4 Тақырыбы: Оқу жылындағы балабақша жұмысының нәтижелілігі, өзін – өзі бағалауы		
1	2024 – 2025 оқу жылындағы педагогтардың жұмысының орындалуы жайлы қорытынды	Әдіскер Педагогтар
2	Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау	Әдіскер
3	Балалардың мектепке оқуға даярлығы	Психолог МАД тобының тәрбиешілері

ХАТТАМА №1

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасында 2024 жылы 20 тамыз күні
«Педагогикалық қызмет барысын жоспарлау» тақырыбында әдістемелік кеңес болып
өтті.

Қатысуға тиіс – 8

Қатысқаны – 8

Күн тәртібі:

1. Нормативтік құқықтық құжаттарды қарау
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша кеңестер беру
3. «Балапан» тобы балаларының балабақшаға бейімделуі

Тыңдалды:

Бөбекжай - балабақша әдіскері А. Мақұлбекова педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, балаларға білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі еңбектеріне табыс тіледі. Сондай – ақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар мен Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып өтті.
«Әдістемелік нұсқау хатта:

- Тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану;
- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- Балаларға қазақ тілін үйрету;
- Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- Мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- Мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Сонымен бірге тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы керек деп көрсетілген.»

Сондай - ақ , «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрығымен бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани – адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Рухани – адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау.

Бөбекжай – бақшамызда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалды.

Мақсатымыз:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани – адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттеріміз:


- Бала бойына рухани – адамгершілік қасиеттерді сіңіру;
- Отанына, өз халқына, мәдениеті мен тіліне, ұлттық мұрасына сүйіспеншіліктерін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Ата – ананың өсиетін тыңдауға және сыйлауға, отбасын қадірлеуге тәрбиелеу;
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық, адалдық қасиеттерін жоғары ұстауға және әдептілік нормаларын ұстануға баулу;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге, ысырапшыл болмауға, табиғатты аялауға үйрету;
- Ата – аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбие процесіне тарту.


Кеңес күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша тәрбиеші Ж.Тілеулиева:

«Биылғы оқу жылында кіші топқа 20 бала жаңадан қабылданды. Қазіргі күні балалар бөбекжай – бақшамызға бейімделу кезеңінде жүр. Бұл кезеңде бөбекжай – бақшамыздың психологымен және ата – аналармен бірлесе отырып, балалардың бақшаға тез бейімделуі үшін жұмыстар жүргізіп отырмыз. Бұл кезеңдегі балалардың жағдайы жайлы алдағы уақытта мәлімет беретін боламыз.»

Шешім етілді:

1. Балабақша педагогтары жаңа оқу жылының топтарға арналған перспективалық жоспарларын педагогикалық кеңесте бекітуге ұсынсын.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.
3. Бөбекжай – бақшаға қабылданған балалардың бейімделу кезеңіне диагностика жүргізіліп, қорытынды шығару психолог А.Мақұлбековаға тапсырылсын.

Әдіскер:  А. Мақұлбекова

Хатшы:  А.Әбжанпарова

ХАТТАМА №2

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасында 2024 жылғы 18 қазан күні «Ұлттық құндылықтарды дәріптеу» тақырыбында әдістемелік кеңес болып өтті.

Қатысуга тиіс – 8

Қатысқаны – 8

Күн тәртібі:

1. «Ұлттық құндылықтар арқылы жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын бала бойына сіңіру» /А.Бегманова/
2. «Ертегінің бала тәрбиесіндегі пайдасы» /Ж.Тілеулиева/
3. «Ұжымдағы қарым - қатынас» тренинг /А.Мақұлбекова/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша тәрбиеші А.Бегманова:

Ұлттық құндылықтар – ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінің іргетасы. Балабақшада бұл құндылықтарды насихаттау – балаларға ата тегін, ұлттық ерекшеліктерін түсіндіріп, ұлттық мақтаныш сезімін оятуға бағытталған.

Балабақшада ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы:

1. Тарих пен мәдениетке құрмет қалыптастыру.
Балаларға қазақтың салт-дәстүрлерін, батырлар мен билердің ерліктерін, ұлттық мерекелердің мән – мағынасын үйрету арқылы тарихымызды құрметтеуге баулимыз.
2. Тілдің маңыздылығын ұғындыру.
Мемлекеттік тілді баланың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру – ұлттық тәрбие берудің негізгі шарттарының бірі. Балаға туған тілінде тақпақ жаттатып, ән айтқызып, ертегілер оқыту арқылы тілге деген сүйіспеншілік қалыптастырамыз.
3. Дәстүр мен өнерді қалыптастыру.
Ұлттық киімдер кию, ою-өрнектерді тану, күй тыңдау, айтыс өнерімен танысу – баланың эстетикалық танымын кеңейтетін маңызды құралдар.

Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы тәсілдер:

- Ойын арқылы тәрбие

Балаларға «Қыз қуу», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық ойындарды ойнату олардың қазақ халқының өмір салтымен жақын танысуына көмектеседі.

- Тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер
Наурыз мерекесін атап өту, қазақ ертегілері мен батырлар жырын сахналау – ұлттық құндылықтарды балаларға жеткізудің әсерлі жолы.
- Қолөнер үйрету
Баланы кесте тігу, ою – өрнек сызу, үйдің құрылымын түсіндіру сияқты дәстүрлі қолөнерімен таныстыру ұлттық мәдениетті тануға мүмкіндік береді.
Сондықтан күнделікті осы жұмыстарды жүзеге асырып, балалардың бойына ұлттық рухты сіңіруге үлесімізді қосуымыз керек.


2 мәселі бойынша тәрбиеші Ж.Тілеулиева сөз алды:


Бала тәрбиесінде ертегінің атқарар рөлі үлкен. Ата – ананың балаға ертегі оқуы бала мен ата-ананы жақындастырады, екеуінің арасындағы байланысты бекітуге мүмкіндік береді, баланың рухани жан дүниесін байытады, сонымен қатар еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттерін дамытады. Ертегі бала тілін жаттықтырады. Ертегі кейіпкерлері арқылы бала күнделікті өмірінде болып жатқан оқиғаларды түсінуді үйренеді. Ы.Алтынсарин «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» дейді. Сондықтан да мен күнделікті күн тәртібінің кез келген уақытында ертегілер оқып беремін. Бұл баланың мінез – құлқына, сезімталдығына әсер етіп, дұрыс тәрбиелеуге үлес қосады. Ертегіні тыңдап болған соң оны талқыласаңыз, баланың ертегіні өз бетімен айтуға ынтасын арттырып, ойлау қабілетін дамытады әрі сөздік қорының молаюына көмектеседі.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып болған соң, бөбекжай – бақша психологы А.Мақұлбекова педагогтар арасындағы қатынасты нығайту мақсатында «Ұжымдағы қарым - қатынас» атты психологиялық тренингін өткізді. Тренинг барысында педагогтар арасындағы достық, әріптестік қарым – қатынас нығайып, олардың бір – бірімен тәжірибе алмасуларына мүмкіндік берді.

Шешім етілді:

1. Ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Балаларға ертегі оқу күн тәртібіне сай жүзеге асырылсын.

Әдіскер:  А.Мақұлбекова

Хатшы:  А.Әбжанпарова

ХАТТАМА №3

*«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасында 2024 жылы 20 желтоқсан күні
«Педагогтердің өз тәжірибесімен бөлісу» тақырыбында әдістемелік кеңес болып өтті.*

Қатысуға тиіс – 8

Қатысқаны – 8

Күн тәртібі:

- 1. «Зерттеу жұмысының бала өміріндегі алар орны» /Ұ.Тұрғанова/*
- 2. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» /С.Шилібекова/*
- 3. «Табиғатта серуендеу тәртібі» /А.Әбжаппарова/*

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша тәрбиеші Ұ.Тұрғанова:

Бала дүниеге келгеннен өзін қоршаған әлемді ашушы, зерттеуші. Олар ақыл – ой жұмысын жақсы көреді. Сондықтан да болар, зерттеу жұмысы – баланы қызықтырудың жолы. Балалармен зерттеу жұмыстарын әртүрлі ұйымдастыруға болады. Зерттеу жұмысы арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытудың рөлі ерекше, сол арқылы бала да өзін тұлға ретінде қалыптастырады.

Зерттеу жұмысы мектеп жасына дейінгі кезеңде басталуы маңызды. Сол уақытта бала айналаны тануға құштар болып келеді және өзінен үлкендерден «Бұл не?», «Ол қалай?», «Неге бұлай?» деген сияқты көптеген сұрақтар қояды. Сол себепті баланы ерте жастан үнемі қызығушылық танытуға үйрету керек деп, өзінің топ балаларымен жүргізген тәжірибе жұмыстарымен бөлісті. Зерттеу барысында балалардың ойлау қабілеттері мен зейіндері дамығанын айтып, бала бір нәрсені көріп, өзі істегенде білім берік болып, ұзақ уақыт есте қалатынын ескертіп өтті.

2 мәселе бойынша тәрбиеші С.Шилібекова сөз алды:

Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан келе жатқан мұра. Ойындарға бала жасына бала жасына қарай оң өзгерістер мен жаңашылдықтар енгізір отырса, балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылықтары артады.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалысы мен дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан ұлттық ойындарды да бала жасына сай дұрыс таңдау да маңызды. Мектепке дейінгі балаларға лайықты ұлттық ойындары: «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Ақ серек, көк серек», «Ханталапай», «Теңге ілу». Бұл ойындар балаларды шатиаңдыққа, икемділікке, батылдыққа, тапқырлыққа үйретеді.

Ұлттық ойындарды тәрбие мен оқыту процесінде күнделікті қолдану нәтижесінде:

- балалардың көңіл – күйі көтеріледі;
- дене қимылы дамып, бойы сергиді, миы тынығады;
- қимыл белсенділіктері артады;
- қарым – қатынас жасау мәдениеті қалыптасады;
- ептілік, шыдамдылық, икемділік, мергендік қасиеттері қалыптасады;
- қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттері дамиды;
- ұйымшылдыққа үйренеді.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша тәрбиеші А.Әбжаппарова:

Серуен – балабақша күн тәртібіндегі негізгі сәттердің бірі. Серуеннің мақсат – міндеті: қарапайым жағдайда бала ағзасын шынықтыру, баланың физикалық даму деңгейін, қимыл белсенділігін арттыру. Сондай – ақ, олардың танымдық, көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік дамуына ықпал ету.

Серуеннің түрлері: 1. Балабақша аумағында

2. Балабақша аумағынан аулаққа жаяу серуен (ересек топтар)


Серуен кезінде балалар киімі жыл мезгіліне сай, өздеріне икемді болғаны дұрыс.

Серуеннің мазмұны: бақылау, еңбекке баулу, қимыл белсенділігін арттыру мақсатында қимылды және спорттық ойындар, балалармен жеке жұмыс және балалардың өз бетінше әрекеті. Атап өткеніміздей, серуенді дұрыс ұйымдастырудың маңызы ерекше екенін атап өткен тәрбиеші өзінің серуен кезінде жүргізген бақылауы мен зерттеу жұмысымен бөлісті.

Шешім етілді:

1. Балалардың қызығушылығына сәйкес зерттеу жұмыстары жүргізілсін.
2. Ұлттық ойындарды циклограммаға енгізіп, күнделікті жоспарлауды және орындауды жалғастыру тәрбиешілерге міндеттелсін.
3. Серуен күн тәртібіне сай жүргізілсін.

Әдіскер:

 А.Мақұлбекова

Хатшы:

 А.Әбжаппарова